

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚҰҚЫҚ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ № 2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

29. 11. 2023 жыл

Қатысқандар: АҚ төрағасы – Тұрлыбеков Қ., АҚ мүшелері, академиялық персонал – Паридинова А., Иманбекова М., Мергенбаев Е., Қожамбеков Д., АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Мақұлбаев Ж., Жанбырбаева А., АҚ мүшесі, білімгерлер өкілі – Итемгенова А., Есеева А., Сатыбалды Д.

Күн тәртібі:

1. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру
2. Аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатысу
3. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру
4. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау
5. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АҚ төрағасы Қ.А.Тұрлыбеков мәжілісте сөз бастап, Күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша қараша айында атқарылған жұмыстарды талқылайық. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы, «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы, «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы, университеттің Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі және білім беру бағдарламасы т.б. ережелерді негізге ала отырып дайындалғанын атап өтті. Бағдарлама жасау барысында көрсетілген ережелерге сәйкес болуын қадағалау қажеттілігін қатаң атап өтті.

Осыған ақпараттарға байланысты АҚ мүшелерінің өзіндік пікірлері мен ұсыныстары тыңдалып ескерілді.

Сөз кезегін АҚ мүшесі, академиялық персонал, Иманбекова М. алды: 2023-2024 Оқу жылына 6В04281, 6В04282 ББ бойынша аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеу жұмыстарының жоспары негізінде, аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуді қамтамасыз етуге жұмыла қатысуымыз керек. Күн тәртібіндегі аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеу жұмыстарының

постмонитринг есептерін түсіндіріп өтті. Сонымен қатар 6B04281, 6B04282 ББ бойынша аккредиттеудің өзіндік бағалау есебіндегі стандарттардың негізгі мәселелерін жеке –жеке талдау барысында ұсыныстарымен бөлісті. Оқыту мен оқу үдерісі студенттердің білім беру үдерісіне белсенді қатысуы, икемді оқу жоспарлары мен білім беру траекторияларының болуы, оқыту мен бағалау әдістерін таңдауда студенттердің пікірін ескере отырып, элективті пәндер мен оқытушыларды таңдау еркіндігі, студенттерге дайын ақпаратты беруден бастап, студенттердің қажетті құзыреттіліктерді белсенді түрде тәуелсіз меңгеруін, осындай процестің кеңесшісі лауазымына дейін ұйымдастырушы ретінде оқытушының жаңа ұстанымын таныстыру барысында қазіргі таңда бір қатар жұмыстар жүргізіліп жатыр.

АК төрағасы Тұрлыбеков К. Құрметті АК мүшелері Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін құжаттар дайындығын тексеру нәтижесінде көрінетін болады. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдауымыз керек. Оқыту мен оқу процесі икемдігі студенттердің оқу нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал етеді. Білім беру процесінде қолданылатын оқыту әдістері мен құралдары заманауи, тиімді және цифрлық мәдениеттің дамуын, тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыру және өткізу жоспарланған оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге және студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы керек дей келе, студенттің оқу жүктемесін оның жеке қабілеті мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып құрастыру. Оқу жоспарында білім беру бағдарламаларының деңгейлері бойынша барлық құрамдастары мен элементтерінің толық бейнеленуімен айқындалады.

Студенттер сапаны қамтамасыз етудің барлық ішкі және сыртқы процестеріне қатысуда, әр пәннің оқытылуын бағалау үшін студенттерден жүйелі түрде сұрау алу, студенттерге сауалнаманың нәтижелері туралы, қажет болған жағдайда оқу үдерісіндегі түзетулер туралы ақпарат беру қажеттілігімен айқындалады. Енді оны талқыладық алда жұмыстар көп және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Шешім:

1. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастырылды, аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірленуде, бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдалсын.
2. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Тұрлыбеков К

Хатшысы:



Қожамбеков Д.